

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеуі жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 08-1-1-1/13 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 21 ақпанда № 6783 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 11-1-2/585 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің 09.12.2016 № 11-1-2/585 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсанындағы Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия туралы ережеге сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеуі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекеттік хатшы - Министр

Қ. Саудабаев

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы -
Сыртқы істер министрінің
2011 жылғы 19 қаңтардағы
№ 08-1-1-1/13 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің

ресімдеуі жөніндегі

нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия туралы ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің қызметінде пайдалануға арналған.

2. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруі және Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы адамдардың өтінішінің (арызының) негізінде шешіледі.

3. Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері (бұдан әрі – шетелдердегі мекемелер):

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша өтініштер қабылдайды;

Шетелдердегі мекемелер ресімделген материалдарды өзінің қорытындыларымен бірге Сыртқы істер министрлігіне жолдайды, Сыртқы істер министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келіскеннен және өз қорытындысын жасағаннан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) жұмыс органына ұсынады;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығын тіркейді;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді;

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін айқындайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 28.11.2014 № 08-1-1-1/563 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Азаматтықты өзгерту мәселелеріне байланысты өтініштер міндетті түрде тіркелуі және қаралуы тиіс.

Қолдау хатты беруші адамдар құжаттарды ұсыну тәртібін сақтамаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі және шет елдердегі мекемелер өтініш берушіге хабарлай отырып, кемшіліктерді жойғанға дейін материалдарды ресімдеуді тоқтата тұрады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 28.11.2014 № 08-1-1-1/563 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Азаматтықты өзгерту туралы өтініштер жөніндегі материалдарды қарастыру мерзімі шетелдердегі мекемелерде бір айдан аспауға тиіс.

6. Қазақстан Республикасының Президенті азаматтық мәселелерді шешудің конституциялық құқығын өз қалауымен іске асырған жағдайда, Комиссияның жұмыс органы шетелдердегі мекемелерден құжаттарды, соның ішінде азаматтықты өзгерту туралы өтінішті талап етіп алдырады.

7. Республикадан тысқары жерлерде тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдерді орындау Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелеріне жүктеледі.

8. ҚР азаматтығына қабылдау немесе шығу материалдары бойынша шетелдік мекеме:

өтініш берушілердің тегі, аты және әкесінің аты, олардың туыстық қарым-қатынастары;

өтініш берушілер қолдау көрсетуді сұрап отырған балаларының тегі, аты, туған күні мен жері;

істің мән-жайы, өтініштің мазмұны мен себептері, сондай-ақ өтініш беруші арызының мәні бойынша шетелдік мекеменің дәлелдемесі келтірілген пікір жазылған қорытынды. Бір отбасының мүшелеріне ортақ бір қорытынды жасалады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш бойынша қорытындыда, сондай-ақ өтініш берушінің Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға қоныс аударуға тілегі және оның қай жерде тұру ниеті барлығы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не оның азаматтығынан шығу туралы материалдар бойынша шетелдік мекемелердің қорытындыларында өтінішті қанағаттандыру немесе оны қабылдамаудың орындылығын танудың себептері егжей-тегжейлі жазылады.

9. Шетелдегі мекеме ресімделген материалдарды және екі данадағы өзінің қорытындысын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жібереді.

Осы Нұсқаулықтың 24-тармағының үшінші бөлімінен басқа өтініштер бойынша қабылданған шешімді түпкілікті орындағанға дейін, өтініштер мен қорытынды материалдардың көшірмелері консулдық мекемеде сақталуы қажет.

10. Азаматтық мәселелер жөніндегі материалдарды шетелдік мекемеде ресімдеу мерзімі өтініш берілген күнінен бастап 1 (бір) айдан аспауы тиіс.

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі азаматтық мәселелер жөніндегі шешімдерді алғаннан кейін олар туралы екі апталық мерзімде материалдарды берген шетелдік мекемелерге хабарлайды.

Азаматтық мәселелер жөнінде материалдар ұсынған шетелдегі мекеме аталған шешімдерді алғаннан кейін екі апталық мерзімде өтінішті қараудың нәтижелері туралы өтініш берушілерді құлақтандырады.

12. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған адамдар консулдық есепке алынады. Оларға Қазақстан Республикасы азаматының паспорттары беріледі.

Егер өтініш беруші басқа елде тұруға кетсе, бұл туралы шетелдік мекеме шешімді орындауға қатысты шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды.

13. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе оның азаматтығынан шығу туралы өтініш кері қайтарылған жағдайда, азаматтық мәселелер бойынша материалдар берген шетелдегі мекемелер өтініш берушіге анықтама береді, онда кім, қашан және қандай шешім қабылданғандығы көрсетіледі. Анықтаманың екінші данасы өтініш материалдарына тігіледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын анықтау

14. Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын анықтау үшін өтініш беруші шетелдік мекемеге келесілерді тапсырады:

Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы туралы еркін нысанда жазылған өтініш;

1-қосымшаға сәйкес сауалнама-өтініш;

4x5 см. үш сурет.

Сұрау салуда өтініш беруші хабарлаған мәліметтердің негізінде істің мәнісі, Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы анықталып жатқан адам туралы егжей-тегжейлі деректер, оның өтініш берген кезіндегі азаматтығы, отбасылық жағдайы, білімі, Қазақстан Республикасында туыстарының бар екендігі және олардың тұратын жері жазылады.

Сұрау салуда, сондай-ақ өтініш берушінің бұрын Қазақстан Республикасында тұрғаны не тұрмағандығы, Қазақстан Республикасынан сыртқа кеткенге дейін

қай жерде және кім болып жұмыс істегендігі, қашан, қай жерден және қандай құжат бойынша шетелге кеткендігі, Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы мәселе бойынша бұрын өтініш бергені не бермегендігі және оның өтініші бойынша қандай шешім қабылданғандығы, оның жеке басын куәландыратын Қазақстан Республикасының құжаты бұрын болғаны не болмағандығы, қазіргі уақытта оның жеке басы қандай құжатпен куәландырылатындығы көрсетіледі. Шетелдегі мекеменің сұрау салуына өтініш берушінің сауалнама-өтініші қоса тіркеледі.

15. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тиісті мемлекеттік органдар немесе басқа да ұйымдар арқылы өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын тексеруді жүзеге асырады және қабылданған шешім туралы шетелдік мекемеге хабарлайды.

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы расталған жағдайда, шетелдік мекеме оған Қазақстан Республикасы азаматының паспортын береді және консулдық есепке алады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы құжаттарды ресімдеу

16. Елден тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы шетелдердегі мекемелер арқылы азаматтықтан шығу туралы өтінішіне мынадай құжаттарды қоса береді:

2-қосымшаға сәйкес сауалнама-өтініш;

өмірбаян;

үш сурет;

неке қию және балаларының (болған жағдайда) туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

консулдық алымды төлегендігі туралы құжат.

Өтініш берушінің Қазақстан Республикасында зайыбы (жұбайы) немесе оның асырауында адамдар болған жағдайда, ол осы адамдардың өзіне материалдық және өзге де талаптары жоқ екендігі туралы нотариалды сипатта куәландырылған осы адамдардың өтінішін ұсынады.

17. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға қатысты азаматтықты өзгерту мәселелері жөніндегі шетелдердегі мекемелер куәландырған өтінішті, олардың заңды өкілдері баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесін (асырап алушылар, қорғаншылар және қамқоршылар жергілікті атқару органы шешімінің көшірмесін тапсырады) не іс-әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжатты қоса табыс етеді.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балалар ата-аналарының өтінішіне шет елдердегі мекемелер куәландырған өздерінің жазбаша келісімін қоса береді.

18. Барлық құжаттар мемлекеттік не орыс тілінде жазылуы немесе мемлекеттік не орыс тілінде тиісті түрде куәландырылған аудармасымен жабдықталуы тиіс.

19. Сауалнама - өтініштердің бланкілері өтініш берушілерге олар барлық талап етілетін құжаттарды ұсынған жағдайда ғана беріледі.

20. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы сауалнама - өтінішті берген кезде, өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатудың құқықтық және өзге де салдарлары түсіндіріледі, сондай-ақ Заңның 3-бабының ережесі түсіндіріледі, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болса, шет мемлекеттің азаматтығы танылмайды, ол туралы сауалнама - өтініште белгі жасалады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқаны туралы құжаттарды ресімдеу

21. Шет елдердегі мекемелер:

халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, егер Қазақстан азаматына қатысты оның басқа мемлекеттің әскери қызметіне, қауіпсіздік қызметіне, полициясына, әділет органдарына, өзге де мемлекеттік органдарына қызметке кіргенін растайтын құжаттар не басқа анық мәліметтер болса;

егер азаматтықты көрінеу жалған мәліметтер немесе жалған құжаттар табыс ету нәтижесінде алынғаны анықталған болса;

егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса;

егер адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы үшін негіз болған Қазақстан Республикасының азаматымен некені сот жарамсыз деп таныса , Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 28.11.2014 № 08-1-1-1/563 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Қазақстан Республикасының азаматтығы оны жоғалтқандығын тіркеген күннен бастап тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығы туралы шешім қабылдаудың себептері мен негіздері туралы адамдар хабарландырылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

23. Тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығы туралы қорытынды жасау жолымен жүзеге асырылады, оны шетелдегі мекеменің басшысы бекітеді.

Қорытындыда азаматтығын жоғалтқан адамның тегі, аты және әкесінің аты, туған күні мен жері, оның Қазақстан Республикасында тұрған-тұрмағандығы, Қазақстан Республикасынан қашан, қай жерден және қандай құжат бойынша сыртқа кеткендігі көрсетілуі, сондай-ақ олардың азаматтығын жоғалту негіздері мен қорытындының жасалған күні көрсетілуі тиіс. Қорытынды шетелдегі мекеменің ресми бланкісінде ресімделеді.

24. Консулдық есепте тұрған Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан адамдар есептен шығарылады, ал олардың паспорттары жойылады.

Адамдардың тілектері бойынша оларға тиісті анықтама берілуі мүмкін.

Азаматтығын жоғалтқандығын тіркеу үшін негіз болған құжаттармен бірге қорытынды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі.

Қорытындының көшірмесі және азаматтығын жоғалтқандығын тіркеу үшін негіз болған құжаттардың көшірмелері шетелдегі мекемеде құжаттар қабылданғаннан бастап 1 (бір) жыл бойы сақталады.

5. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу

25. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы құжаттарды ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініштерді қарау үшін Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

26. Елден тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы шетелдердегі мекемелер арқылы азаматтықтан шығу туралы өтінішіне мынадай құжаттарды қоса береді:

3-қосымшаға сәйкес сауалнама-өтініш;

өмірбаян;

төрт сурет;

Заңның 1-бабында қарастырылған шарттарды орындайтындығы туралы міндеттеме;

сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы анықтама;

өзге елдің құзіретті органдарымен берілген бұрынғы азаматтығынан шыққандығы немесе оның болмағандығы туралы анықтама;

неке қию және балаларының (болған жағдайда) туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

өтінушінің бұрын Қазақстан азаматы болғандығын растайтын құжаттар;

консулдық алымды төлегендігі туралы құжат.

6. Қорытынды ережелер

27. Азаматтық мәселелер бойынша өтінішті Қазақстан Республикасының Президенті қайта қарауы мүмкін.

28. Әрбір жартыжылдықтың қорытындылары бойынша шетелдік мекемелер Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президенті шешімдерінің орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ақпарат жібереді.

Ақпаратта шетелдік мекеменің атауы, шешімнің нөмірі мен күні, оны кім қабылдағаны, өтініш берушілердің толық аты-жөні, шешім туралы олардың құлақтандырылған күні көрсетіледі.

29. Азаматтық мәселелер жөніндегі материалдарды ресімдеу кезінде консулдық алымдарды өндіріп алу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы –
Сыртқы істер министрімен
бекітілген
Қазақстан Республикасының
азаматтығы мәселелеріне
қатысты құжаттарды
Қазақстан Республикасының
шетелдердегі мекемелерінің
ресімдеуі туралы нұсқаулыққа
1-ші қосымша

СУРЕТ

НЫСАН

Сауалнама - Өтініш

Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығымды анықтап беруіңізді сұраймын.

| СҰРАҚТАР | ЖАУАПТАР |
|---|----------|
| 1. Тегі, аты, әкесінің аты | |
| 2. Сіз бұрын өзіңіз аталып келген барлық тегіңізді, атыңызды және әкеңіздің атын санап шығыңыз, оларды қашан, қай жерде және қандай себеп бойынша өзгерттіңіз | |
| 3. Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз және жеріңіз: (ауыл, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылсаңыз, сол елді атаңыз) | |
| 4. Ұлтыңыз | |
| 5. Отбасылық жағдайыңыз (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін) | |
| 6. Шетелге шығудың алдында Тұрған мекен-жайыңыз | |

| | |
|---|--|
| 7. Соңғы тіркелген орныңыз | |
| 8. Соңғы жұмыс, оқу орныңыз | |
| 9. Біліміңіз және біліміңіз бойынша мамандығыңыз (қай жерде, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз) | |
| 10. Егер бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болсаңыз, қай жерде, қашан және қандай негізде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз | |
| 11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кім және не үшін тартты | |

12. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда)

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеме, ұйым және кәсіпорын Сіз жұмыс істеген кезіңізде қалай аталса, солай көрсету қажет. Әскери қызметіңізді лауазымыңызды және атағыңызды көрсете отырып жазыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорынды (пошта жәшігі және сол сияқтылар) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі.

| Айы мен жылы | Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы | Мекеменің, ұйымның орналасқан жері |
|--------------|--------------------------------------|------------------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

13. Сіздің мекен-жайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы –
Сыртқы істер министрімен
бекітілген
Қазақстан Республикасының
азаматтығы мәселелеріне
қатысты құжаттарды
Қазақстан Республикасының
шетелдердегі мекемелерінің
ресімдеуі туралы нұсқаулыққа
2-ші қосымша

СУРЕТ

НЫСАН

Сауалнама - Өтініш

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

| СҰРАҚТАР | ЖАУАПТАР |
|---|----------|
| 1. Тегі, аты, әкесінің аты | |
| 2. Сіз бұрын өзіңіз аталып келген барлық тегіңізді, атыңызды және әкеңіздің атын санап шығыңыз, оларды қашан, қай жерде және қандай себеп бойынша өзгерттіңіз | |
| 3. Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз және жеріңіз: (ауыл, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылсаңыз, сол елді атаңыз) | |
| 4. Ұлтыңыз | |
| 5. Отбасылық жағдайыңыз (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін) | |
| 6. Ш е т е л г е ш ы ғ у д ы ң а л д ы н д а Тұрған мекен-жайыңыз | |
| 7. Соңғы тіркелген орныңыз | |
| 8. Соңғы жұмыс, оқу орныңыз | |
| 9. Біліміңіз және біліміңіз бойынша мамандығыңыз (қай жерде, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз) | |
| 10. Егер бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болсаңыз, қай жерде, қашан және қандай негізде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз | |
| 11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кім және не үшін тартты? | |
| 12. Мемлекеттің немесе заңды және жеке тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелеріңіз бар ма | |

13. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда)

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеме, ұйым және кәсіпорын Сіз жұмыс істеген кезіңізде қалай аталса, солай көрсету қажет. Әскери қызметіңізді лауазымыңызды және атағыңызды көрсете отырып жазыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорынды (пошта жәшігі және сол сияқтылар) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі.

| Айы мен жылы | Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы | Мекеменің, ұйымның орналасқан жері |
|--------------|--------------------------------------|------------------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

14. Сіздің жақын туыстарыңыз (күйеуіңіз, әйеліңіз, ата-анаңыз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз (сіңілілеріңіз)

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын, сондай-ақ шетелде тұратын барлық туыстары көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

| Туыстық деңгейі | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған жылы мен жері | Жұмыс орны, лауазымы | Орналасқан елі, тұрғылықты мекен-жайы |
|-----------------|-------------------------|---------------------|----------------------|---------------------------------------|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

15. Менімен бірге бір мезгілде кәмелетке толмаған балаларымды да Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығаруға рұқсат беруіңізді сұраймын

| N p/c | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған күні, жылы және айы | Туған жері |
|-------|-------------------------|---------------------------|------------|
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| 3. | | | |
| 4. | | | |
| 5. | | | |
| 6. | | | |

16. Зайыбы/жұбайы тегі, аты, әкесінің аты _____ 20
жылғы "___" _____ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға арналған құжаттарды ресімдеді.

Иә/Жоқ/ (қажет емесін сызып тастаңыз).

17. Егер зайыбыңыз/жұбайыңыз Қазақстан Республикасының азаматы (-шасы) болып табылмаса, онда оның азаматтығын көрсетіңіз _____

18. Қазақстаннан шыққан кезіңізде әскери билет тапсырылған мекеменің атауы _____

19. Сіздің мекен-жайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығудың құқықтық салдары маған түсіндірілді.

Өтініш берушінің қолы _____

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы –
Сыртқы істер министрімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
азаматтығы мәселелеріне
қатысты құжаттарды

Қазақстан Республикасының
шетелдердегі мекемелерінің
ресімдеуі туралы нұсқаулыққа

3-ші қосымша

СУРЕТ

Сауалнама-Өтініш

Менің Қазақстан Республикасының азаматтығымды қалпына келтіруді өтінемін

| СҰРАҚТАР | ЖАУАПТАР |
|---|----------|
| 1. Тегі, аты, әкесінің аты | |
| 2. Сіз бұрын өзіңіз аталып келген барлық тегіңізді, атыңызды және әкеңіздің атын санап шығыңыз, оларды қашан, қай жерде және қандай себеп бойынша өзгерттіңіз | |
| 3. Туған күніңіз, айыңыз, жылыңыз және жеріңіз: (село, қала, аудан, облыс, егер шетелде туылсаңыз, сол елді атаңыз) | |
| 4. Ұлтыңыз | |
| 5. Отбасылық жағдайыңыз (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесірмін) | |
| 6. Шетелге шығудың алдында тұрған мекен-жайыңыз | |
| 7. Соңғы тіркелген орныңыз | |
| 8. Соңғы жұмыс, оқу орныңыз | |
| 9. Біліміңіз және біліміңіз бойынша мамандығыңыз (қай жерде, қашан және қандай оқу орнын аяқтадыңыз) | |
| 10. Егер бұрын басқа мемлекеттердің азаматтығында (бодандығында) болсаңыз, қай жерде, қашан және қандай негізде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаныңызды егжей-тегжейлі көрсетіңіз | |
| 11. Сот тәртібімен қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кім және не үшін тартты | |
| 12. Мемлекеттің немесе заңды және жеке тұлғалардың алдында орындалмаған міндеттемелеріңіз бар ма | |
| 13. Өзге мемлекеттің әскери қызметін өткердіңіз бе, қауіпсіздік қызметінде, әділет органдарында немесе басқа да мемлекеттік органдарында және басқармаларында жұмыс істедіңіз бе | |
| 14. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылғанға дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұрған мекен-жайыңызды көрсетіңіз | |

15. Еңбек жолыңыздың басынан бастап атқарған қызметіңіз (жоғары және орта оқу орындарындағы оқуды, әскери қызметті қоса алғанда)

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде мекеме, ұйым және кәсіпорын Сіз жұмыс істеген кезіңізде қалай аталса, солай көрсету қажет. Әскери қызметіңізді лауазымыңызды және атағыңызды көрсете отырып жазыңыз. Шартты атауы бар кәсіпорынды (пошта жәшігі және сол сияқтылар) осындай шартты атауымен көрсетіңіз. Әскери қызметті өткергендігі әскери билеттегі жазбаларға сәйкес көрсетіледі.

| Айы мен жылы | Мекемесі, ұйымы көрсетілген лауазымы | Мекеменің, ұйымның орналасқан жері |
|--------------|--------------------------------------|------------------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |

16. Сіздің жақын туыстарыңыз (күйеуіңіз, әйеліңіз, ата-анаңыз, бауырларыңыз, апа-қарындастарыңыз (сіңілілеріңіз)

Ескертпе: Осы тармақты толтырған кезде Қазақстан Республикасында тұратын, сондай-ақ шетелде тұратын барлық туыстары көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегін алған болса, онда оның неке қиғанға дейінгі тегі де көрсетіледі.

| Туыстық деңгейі | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған жылы мен жері | Жұмыс орны, қызметі | Орналасқан елі, тұрғылықты мекен-жайы |
|-----------------|-------------------------|---------------------|---------------------|---------------------------------------|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

17. Менімен бірге бір мезгілде кәмелетке толмаған балаларымның да Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге рұқсат етуіңізді сұраймын.

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған күні, жылы және айы | Туған жері |
|-------|-------------------------|---------------------------|------------|
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| 3. | | | |
| 4. | | | |
| 5. | | | |
| 6. | | | |

18. Тегі, аты, әкесінің аты _____
жұбайы 20__ жылғы " __ " _____ Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге арналған құжаттарды ресімдеді.

Иә/Жоқ (қажет емесін сызып тастаңыз).

19. Сіздің мекен-жайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді құқықтық салдары маған түсіндірілді.

Өтініш берушінің қолы _____

20__ жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК